

Келісемін

Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысы

Г.Қайнарбеков

2017 жыл

Бекітемін

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша Департаменті басшысы

М.Нәлібаев

2017 жыл

Келісемін

Мемлекеттік, банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлері кәсіподағының Жамбыл облысы бойынша филиалының төрағасы

О.Есіркепов

2017 жыл

«ЕХРО-2017» халықаралық көрмесіне және ҚР Мемлекеттік қызметшілер күніне арналған мемлекеттік қызметшілер арасындағы облыстық спартакиадасының

Е Р Е Ж Е С І

I. Мақсаты мен міндеттері

- Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы Жолдауларын орындау;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілер күнін атап өту;
- мемлекеттік қызметшілер арасында саламатты өмір салтын насихаттау;
- мемлекеттік басқару органдары қызметшілері арасында бұқаралық спортты дамыта отырып, мемлекеттік қызметшілер арасында достық қатынасты орнату;
- мемлекеттік қызметшілерді дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту;
- мемлекеттік қызметшілер арасынан дене шынықтыру мен спортты жақсы жолға қойған ұжымдарды айқындау.

II. Спартакиаданың өткізілуіне басшылық ету

Спартакиаданың өткізілуіне жалпы басшылықты ұйымдастыру комитеті жүргізеді. Жарыстардың өтуіне тікелей басшылық жасау ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Жамбыл облысы бойынша Департаменті мен Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы бекіткен спартакиаданың бас төрешісіне және әр спорт түрлерінің төрешілеріне жүктеледі.

III. Жарыстың өткізу мерзімі

Өткізу орны: Тараз қаласы «Тараз – Арена» спорт сарайы

Өткізу мерзімі: 2017 жылдың 20 мамыр күні.

Келу күні: ү.ж. 19 мамыр күні.

Мандат комиссиясының отырысы: ү.ж. 19 мамыр күні сағат 17.00–де «Тараз – Арена» спорт сарайында өтеді.

Жарыстың салтанатты ашылуы 20 мамыр күні сағат 10.00 –де.

IV. Қатысушылар мен қатысушы ұжымдар

Облыстық спартакиадаға «Мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 7 наурыздағы №523 Жарлығына сәйкес D, D-O, E, E-R, E-G, C-O, C-R санаттарына жатқызылған мемлекеттік қызметшілер ғана қатыса алады. Спартакиадаға мемлекеттік қызметтің өзге санаттарына жатқызылған (о.і. құқық қорғау, әскери, арнайы қызмет статусы бар) қызметшілер

жіберілмейді. Спартакиаданың салтанатты ашылуына әр командадан 20 спортшыдан қатысуы керек. Команда мүшелері біркелкі спорттық киімде болуы тиіс.

Анықтама телефондары: 45-49-22, 43-62-56, 43-00-69, 54-06-41

Команда өкілдерінің толық құжаттармен мандат комиссиясына қатысуы міндетті. Қатыспаған командалар жарысқа жіберілмейді.

Спартакиадаға қатысушылардың тапсырысы мандат комиссиясына әр спорт түрлері бойынша жеке куәлігі (көшірме жарамсыз), қызмет куәлігі, жұмыс орнынан анықтама және құрамы көрсетіліп, дәрігердің рұқсаты мен тиісті мекеме басшысының (департамент, басқарма), аудан, Тараз қаласы әкімінің қолы қойылып, мөрі басылған түрде беріледі.

Спортшылардың жарысқа шығарда қолында **жеке және қызметтік куәлігі болуы міндетті**, болмаған жағдайда жарысқа жіберілмейді. Ұйымдастыру алқасы кез келген команда құрамынан мемлекеттік емес қызметкер анықтаған жағдайда, команданы жарыстан шығарып, әкімдерге және мекеме басшысына тікелей хабарлайтынын қатаң ескертеді. Алдын-ала тапсырыс жарыс күндеріне дейін **5 күн бұрын берілуі тиіс**.

Мекеменің штаттық бірлігі 10 адамнан кем болған жағдайда, бірнеше мекеме бірлесіп команда жасақтауға рұқсат беріледі.

V.Өткізілу тәртібі

Жарыстар спартакиада бағдарламасына енгізілген әр спорт түрі тәртібіне сай өткізіледі. Жалпы командалық орын олимпиадалық жүйе бойынша әр спорт түрінен жинақталған алтын, күміс, қола медальдар санына қарай анықталады. Спорт түрлері бойынша жекелей және командалық орындар анықталады.

Жалпы командалық есеп қорытындысы бойынша командалар тең түскен жағдайда, командалық спорт түрлері бойынша жарыстарда иеленген орындарға басымдық беріледі.

V.Спартакиада бағдарламасы

| № | Спорт түрлері | Команда құрамы | | Өкіл, жаттықтырушы | Қатысушылар саны |
|----------------|---------------------------------|----------------|-----------|--------------------|------------------|
| | | Ерлер | Әйелдер | | |
| 1 | Кіші футбол | 8 | - | 1 | 9 |
| 2 | Үстел теннисі | 1 | 1 | - | 2 |
| 3 | Жүзу | 2 | 2 | 1 | 5 |
| 4 | Армрестлинг (абсолюттік салмақ) | 1 | 1 | - | 2 |
| 5 | Гір көтеру (абсолюттік салмақ) | 1 | 1 | - | 2 |
| 6 | Шахмат | 1 | 1 | - | 2 |
| 7 | Тоғызқұмалақ | 1 | 1 | - | 2 |
| 8 | Ұзындыққа секіру | 1 | 1 | - | 2 |
| 9 | Турникке тартылу | 1 | 1 | - | 2 |
| 10 | Жеңіл атлетика | 2 | 2 | 1 | 5 |
| Барлығы | | 19 | 11 | 3 | 33 |

КІШІ ФУТБОЛ

Команда құрамы – 9 адам: 8 спортшы, 1 жаттықтырушы.

Ойын 10 минуттық 2 таймнан тұрады. Ойын құрамы 4+1. Әр тайм арасында 2 минут үзіліс. Барлық ойын кіші футболдың қолданыстағы ережесіне сай өткізіледі. 1-3 орындарға ақтық ойындар 15 минуттық 2 таймнан тұрады. Үзіліс 3 минут. Команда біркелкі спорттық киімде болуы тиіс.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

Команда құрамы – 2 адам: 1 ер, 1 әйел. Ерлер және әйелдер арасында жекелей жарыстар. Жарысты өткізу тәртібі төрешілер алқасында шешіледі.

ЖҮЗУ

Команда құрамы – 5 адам: 2 ер, 2 әйел, 1 жаттықтырушы. Жүзу екі топта өтеді: 1 топ – 40 жасқа дейін, 2 топ – 40 жастан жоғары.

Жарыс ерлер және әйелдер арасында 50 метрлік қашықтыққа еркін жүзу арқылы жекелей өткізіледі. Қатысушылар екінші аяқ киім, жүзуге арналған ішкі киім (*плавки, купальник*) және бас киім, сүлгі алып келуге міндетті. Қажетті құрал-жабдықтары жоқ спортшылар жарысқа қатыстырылмайды.

АРМРЕСТЛИНГ

Жекелей жарыс. Команда құрамы - 2 адам: 1 ер, 1 әйел, спортшылар оң және сол қолдарымен сайысқа түседі. Жарысты өткізу тәртібі төрешілер алқасында шешіледі.

ГІР КӨТЕРУ

Жекелей жарыс. Команда құрамы - 2 адам: 1 ер, 1 әйел, спортшылар оң және сол қолдарымен сайысқа түседі. Гір салмағы: ерлер - 24 кг, әйелдер - 16 кг. Жарысты өткізу тәртібі төрешілер алқасында шешіледі.

ШАХМАТ

Жекелей жарыс. Команда құрамы - 2 адам: 1 ер, 1 әйел. Ерлер және әйелдер арасында жекелей-командалық жарыстар. Жарыс қолданыстағы ережеге сай өткізіледі және төрешілер алқасында шешіледі.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ

Команда құрамы – 2 адам: 1 ер, 1 әйел. Тақта бойынша жекелей-командалық жарыс. Өзгерістер мандат комиссиясы мен төрешілер алқасының отырысында шешіледі.

ҰЗЫНДЫҚҚА СЕКІРУ, ТАРТЫЛУ

Жекелей жарыс. Команда құрамы 2 ер, 2 әйел. Жарыс қолданыстағы ережеге сай өткізіледі және төрешілер алқасында шешіледі.

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Команда құрамы - 4 адам: 2 ер, 2 әйел. Жекелей-командалық жарыс. Жарыс қолданыстағы ережеге сай өткізіледі және төрешілер алқасында шешіледі.

| түрі | ерлер | әйелдер |
|---------------------|--------------|----------------|
| спринт | 100 м | 60 м |
| төзімділікке жүгіру | 2400 м | 1000 м |

VI. Тапсырыс

_____ командасынан _____

(спорт түрі)

«ЕХРО-2017» халықаралық көрмесіне және ҚР Мемлекеттік қызметшілер күніне арналған мемлекеттік қызметшілер арасындағы облыстық спартакиадасына

ТАПСЫРЫС

| қ /с | Аты –жөні (толығымен) | Туылған күні, айы, жылы | Жұмыс орны | Лауазымы | Дәрігердің рұқсаты |
|------|--------------------------|-------------------------------|------------|----------|-----------------------|
| 1 | | | | | |
| 2 | | | | | |

VII. Шығындар

Жарыс төрешілерінің ақысын, қызмет көрсететін дәрігерлердің төлемақысын, баспа тауарларын, баннер, билборд даярлау, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттауға кететін шығындарды (диплом, медаль, Кубок) Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы бұқаралық спорттық шаралар өткізу орталығы өтейді.

Жалпы командалық есепте жеңімпаз-жүлдегер атанған командалар мемлекеттік, банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлері кәсіподағының Жамбыл облысы бойынша филиалының бағалы сыйлықтарымен марапатталады.

Жарысқа қатысушылардың шығындарын /жолы, тамағы, жататын орны жіберуші мекеме өтейді.

VIII. Марапаттау

Жалпы командалық есепте 1-ші, 2-ші, 3-ші орын алған командалар Кубокпен және тиісті дәрежелі дипломмен марапатталады. Әр спорт түрлерінен 1, 2, 3 орын алған командалар тиісті дәрежелі дипломдар және қатысушылар тиісті дәрежелі диплом, медальдармен марапатталады.

Ескерту: Жарыстар өткізілетін мерзіміне және орындарда өзгерістер болуы мүмкін.